

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімінің 2019 жылғы 14 тамыздағы № 14 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 тамызда № 6880 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы Өркендеу ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 5 желтоқсандағы № 21 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы Өркендеу ауылдық округі әкімінің 05.12.2019 № 21 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 29 шілдедегі № 7-09-428 ұсынысы негізінде, Өркендеу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Өркендеу ауылдық округі, Жанкент ауылының аумағында ұсақ малдардың арасында бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Өркендеу ауылдық округінің әкімі*

*Н. Үргенішбай*